КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# Ш Е Ш І М
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 5 ақпан №4712-24-00-2/134 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Новый Город KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ**:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**Ш Е Ш І М Е Т Т І:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Новый Город KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы–қанағаттандырылсын.

«Новый Город KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Новый Город KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 06.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Борашева А. А., 27.03.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

4712-24-3-1/36